



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 19/45
13 мамыр



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

9-мамыр – Жеңіс күні

9-мамыр – Жеңіс күні

**ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ!
ҚАДІРЛІ СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІ,
ТЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІ ЖӘНЕ
ҰРПАҚТАРЫ!
УВАЖАЕМЫЕ ПРИОЗЕРЦЫ! ДОРОГИЕ
ВЕТЕРАНЫ И ВОЕННОСЛУЖАЩИЕ!**

АРДАГЕРЛЕР ӘРДАЙЫМ НАЗАРДА



Әр жылғы көктемнің жады-рай келетін екінші айының 9-мамыр күні – Жеңіс күніне орай қала әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев, қалалық мәслихат төрағасы

ақшалай сертификат пен мерекелік азық-түлік себетін тапсырды. Құрметті ардагерлер! Сіздер қорқынышты сынақтардан өтіп, қиын күндерді бастан

Сіздерді 9-мамыр – Ұлы Жеңіс Күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – жанқияр ерліктің, еңселі елдіктің рухы өрлеп, Жеңіс жалауы желбіреген күн. Бүгінгі тәуелсіздік тұғырының берік, еңсеміздің биік болуы да, еліміздің өркендеуі мен елордамыздың гүлденуі де – осынау мерекенің жемісі.

Бүгінгі ұрпақ аға буын-ардагерлер танытқан қаһармандық пен қайсарлықтан үлгі алып, бой түзейді. Осынау ерлікке толы Күн тарихымыздың мәңгілік ұмытылмас парағы болып қала бермек.

Баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ пен береке тілеймін!

9 мая – особенный день в истории нашей страны. Это день преклонения перед подвигом наших дедов и отцов, бабушек и матерей. Это день вечной памяти и благодарности доблестному поколению героев – победителей фашизма.

Победа была завоевана ценой невероятных усилий и колоссальных жертв. Она ковалась благодаря беспримерному мужеству и несгибаемому духу фронтовиков, стойкости и самоотверженности тружеников тыла. Наш священный долг – всегда помнить, какую высокую цену они заплатили за нашу свободу, за наше право жить и созидать.

Наш священный долг – помнить уроки той страшной войны и свято чтить беспримерный подвиг старшего поколения.

Желаю ветеранам и труженикам тыла здоровья, долгих лет жизни, бодрости духа, благополучия и мирного неба!

*Приозерск қаласының әкімі Сатаев С.Қ.
Қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.*



Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев, «Аманат» партиясы Приозерск қалалық филиалының төрағасы Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев, ҚР ҚМ қарасты Приозерск гарнизонының бастығы, 44841 ә/б командирі, полковник Үмбетәлі Серікұлы Бектаев, 10-шы сынақ полигонының бастығы полковник А. В. Казаков, «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы Ұлан Алмасұлы Алмас және қала депутаттары 5 тыл ардагерін үйлеріне барып құттықтап, ардагерлерге 250 000 теңге көлемінде

кештіңіздер! Біз әрдайым Сіздердің алдарыңызда қарыздармыз, үлкен ерліктеріңіз үшін Сіздердің алдарыңызда тағзым етеміз. Осы мереке күні барлық қорқыныштар сейілсін, әрбір үйге жарқын көңіл-күй еніп, өшпес ерліктеріңіз туралы естеліктер еліміздің патриот ұрпақтарының жүрегің жылытсын. Сіздерге шын жүректен денсаулық, бақ пен береке, қуаныш пен шаттық тілейміз! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Ұлы Жеңіс күні құтты болсын!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ТҮН АЖДАҒАСЫ



Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласында толарсақтан саз кешіп, жанқиярлықпен соғысқан қазақ қыздары аз емес. Олардың арасынан Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлованың Кеңес Одағының Батыры атағын дүниеден өткен соң алғанынан барша қазақ хабардар. Мәншүк пулетші болса, Әлия мерген болып әскери қызмет атқарған. Ал, әуеде самғап, ұшқыш қатарында болған және ерлердің ерен үлгісін көрсеткен және сол ерлігіне сай фашистер тарапынан «Түн аждаһасы» атанып, дұшпанға үнемі үрей тудырып жүрген Хиуаз анамыздың өмір жолы туралы көпшілік қауым әлі де бейхабар екенін байқаймыз. Соны ескере отырып, бүгінгі мақаламызға Хиуаз Қадырқызының өмір-тариханынан сыр шертуді құп көрдік. Оқырмандарға қажет мағлұмат беруге тырысамыз.

Хиуазды көрген адам ажарына көз тоқтатпай өте алмайтын, көңілді, аңғал, алғыр, қайсар да тентек, тәні де, жаны да бірдей сұлу қыз болған деседі оның көзін көріп, жанына жақын жүргендер. Дала аруы Хиуазды жауынгер құрбылары да осылайша сипаттайды. Қандай табылған сөз. Хиуаз көрікті, ибалы, ақылды, намысқой, парасатты,

жан-тәні бірдей сұлу. Ұлттың рухын сақтайтын қыздар мәртебесін қазақ ежелден жоғары бағалапты. Төрдің оң жағынан орын берген сүйіктісін қазақтар күннің көзінен, желдің өтінен қорғапты. Алаштың дара еркесі, ай маңдайлы ару Хиуаз Қадырқызы II Дүниежүзілік соғыста әйгілі 46-гвардиялық Тамань әуе полкінде жауға қырғидай тиген ұшқыш, нағыз қыран болған. Фашисттер Хиуаз сұлуды неліктен «түн аждаһасы» деп атаған? Сонымен, Хиуаз кім?

Хиуаз Доспанова Атырау облысы Құрманғазы ауданы Зормата ауылында 1922-жылы мамыр айында өмірге келген. Бала кезінен намысқой қыз інісін қорғаймын деп аула бұзықтарының, ересек ер балалардың мұрнын талай қан қылған екен. Хиуаз Орал қаласындағы орта мектептің соңғы сыныбында оқып жүргенде аэроклубқа қатысып, запастағы ұшқыш деген куәлік алды. Аспанға ғашық қыз арманының алғашқы қадамдары осылай басталады. Мектепті үздік бітірген бойжеткен бала күнгі арманын арқалап Мәскеудегі Жуковский атындағы әскери-әуе академиясына оқуға келеді. Алайда, қазақ даласынан келген қыздың құжаттары қабылданбайды. Алғашқы сәтсіздігін елемеген ол Мәскеу Медицина Институтына тапсырып, емти-

хансыз қабылданады. Арада 1 жыл өткеннен кейін, 1941-жылы Ұлы Отан соғысы басталады. Хиуаз Қадырқызы ұшқыш Марина Раскованың қыз-келіншектерден жасақталған авиapolкына сұранып, командирге өжеттігімен танылып, әскери құрамға қабылданады. Жедел дайындықтан өткен қыз-келіншектер жасағы 1942-жылдың мамырында майдан даласына енеді.

Хиуаздың ең алғашқы ұрысы немістердің Майндорф бекетін бомбалаудан басталады. Әр ұшақта екі қыздан бір сағатта 120 шақырымды бағындыруы тиіс. Әрбір қыз бір түнде 5-10 рет жау тылына шабылдауға міндеті. Хиуаз анамыздың естеліктерінде: «Біздің тек түнде ұшатын кішкентай У-2 ұшағы фашистердің зәреқұтын қашыратын» деп жазады. Түн тыныштығын бұзған бұл қыран қыздарды немістер «Түн аждаһалары» деп атайды.

Хиуаз батыр 1943-жылдың көктемінде Кавказ үшін ұрыста аяғы сынып ауыр жарақат алады. Бас хирургтің «аяғымен жүре алмайды» деген дәрігерлік қортындыны елемеген екінші топтағы мүгедек майданға қайта беттейді. Майдандас құрбылары өздігінен жүріп-тұра алмайтын Хиуазды ұшаққа арқалап отырғызып жүреді. Қыздарға салмақ салмайын деп, ұшақ қабиначында қалатын сәттері жиі болған. Осылайша «түн аждаһалары» Кубан, Тамань, Беларуссия, Қырым, Польша елдерін түгел азат етті. Аңызға бергісіз қазақтың қайсар қызы Хиуаз сұлу 300-ден аса жауынгерлік операция орындап, аса маңызды жау бекеттерін талқандайды. Кавказ үшін арпалыста көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз», «Кавказды азат еткені үшін» ордендерімен марапатталады. Ал, Қырым шайқасындағы ерлігі үшін «Екінші дәрежелі Отан соғысы» орденімен қоса аға лейтенант шені беріледі. Сондай-ақ «Бірінші дәрежелі Отан соғысы», «Варшаваны азат еткені үшін» және «Германия түбіндегі жеңіс» ордендері беріледі. Кеңес

Одағы батыл, намыстан жаралған, өз аяғымен жерді тең баса алмайтын екінші топтағы мүгедек дала қыранының көзсіз ерлігін әділ бағаламады, батыр атағын қимады, дұрысы – қызғанды.

Фашисттер «түнгі аждаһа» деп иманын үйірген, Ұлы Отан соғысында айрықша ерлік көрсеткен ұшқышқа өз Отаны 2004-жылы ғана 82 жасында Халық қаһарманы атағын лайықтап, батыр деп ардақтады. 23 жасында мүгедек болған қызға авиация тек өткен өмір белесі болып қалды. Аяқталмаған медицина институтындағы оқуын жалғастырмақ болады, алайда, батырға партия қызметі ұсынылады. Алматы қаласындағы Жоғарғы партия мектебінде оқи жүріп, ол болашақ жары Шәку Әміровпен танысады. Ұлы Ерболат дүниеге келеді. Ол қазір Алматыдағы Қазақ ұлттық техникалық университетінде оқытушы. Хиуаз Қадырқызы партия қызметінде жүріп «Медеу» спорт кешенін, басқа да қазақстандықтар үшін әлеуметтік маңызды нысандарды салуға көп күш жұмсайды. Соғыстағы жарақаты қинап, 1959-жылы зейнетке шығуға мәжбүр болды. Оның сол кезден Халық қаһарманы атағын алған 2004-жылға дейінгі өмірі бізге беймәлім, батыр жайлы ақпараттар жоқ, ол жылдарда апамыз ұмыт қалған сыңайлы. Батыр өмірінің соңғы күндері ауыр сырқат зардабынан далаға мүлдем шықпады деседі. Аяулы апа 2008-жылы мамыр айында дүниеден озды, бірақ аты өшкен емес. Батырға туған жері Атырауда ескерткіш орнатылып, спорт сарайына, Алматы қаласында өзі тұрған көшеге, «ЭйрАстана» әуекомпаниясы Эмбреа-190 ұшағына Хиуаз Қайырқызы Доспанова аты берілді. Міне, қазақтың жеке-дара ұшқыш қызы – Хиуаз апамыздың біз білетін қысқаша өмір тарихы осындай.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

9-мамыр – Жеңіс күні

«ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ТАРИХИ ЖЕҢІС»



9 мамыр күні Қазақстан халқы Ұлы Жеңіс күнін атап өтіп жатыр. Бұл мереке әр отбасына ыстық, өйткені соғыс бірде-бір жанұяны айналып өтпеді. Әр отбасында соғысқа қатысып, жеңіспен оралған немесе ерлікпен қаза тапқан және оралмаған ата-әжелері бар. Қаншама адам тылда еңбек етті. Сұрапыл соғыста жеңіске жету жолында миллиондаған адамның өмірі қиылды, сондықтан адамзат өткен соғыстың құрбандарын жақсы біледі. Ұлы Жеңісті сыйлаған ардагерлеріміз бен тыл жұмыстарында аянбай тер төккен жандардың қатары сиреп барады. Сондықтан Ұлы Жеңістің авторлары – майдангерлерімізді сыйлап, құрметтеу, оларға қамқорлық жасау басты борышымыз!

дан да құрметпен қарап, олардың жауынгерлігіне және ерліктеріне тағзым ететін күн.

Бұл атаулы күн қарсаңында қалалық кітапханамызда, оқырмандарды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулуға, оларға патриоттық тәрбие беру, Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту мақсатында «Тендесі жоқ тарихи жеңіс» атты тарихи-танымдық кеш өткізілді. Іс-шараға №1 мектептің 9 сынып оқушылары мен 06708 әскери бөлімінің сарбаздары қатысты. Қатысушылар Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, еске алды 1 минут еске алу.



Жеңіс күні — әр адамды толқытатын ерекше, аса қастерлі де айтулы күн. Бұл Жеңіс болмағанда көптеген елдер мен халықтардың тағдыры басқаша қалыптасып, Қазақстанымыз да тәуелсіз ел болмас па еді? Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күні — соғыстан оралмай қалған жауынгерлердің рухына бас иіп, ал арамызда жүрген соғыс ардагерлеріне бұрынғы-

(әуен ойнайды). Жеңіс күніне арналған слайдты тамашалап, мерекелік көңіл-күймен тарасты. Қуанышымыз, жеңісіміз ұзағынан болсын, елімізде бейбітшілік туы желбірей берсін.

«Приозерск қалалық кітапханасы»кмм
Оқу бөлімінің
кітапханашысы
Ерболған Ж.Е.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ АЛПЫСОВ ЕРМЕК
АМАНТАЙҰЛЫНЫҢ ПРИОЗЕРСК
ҚАЛАСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ

2023 жылдың 11 мамырында қаламызға Қарағанды облыс әкімінің қаржы-экономикалық мәселелері, денсаулық сақтау, цифрландыру, еңбекті қорғау мен қауіпсіздігі, тұрғындарды әлеуметтік қорғау мен жұмыспен қамту жөніндегі орынбасары Алпысов Ермек Амантайұлының Приозерск қаласына жұмыс сапарымен келді. Ең алдымен қаланың тыныс-тіршілігін бағамдап, құрылыс нысандарын аралап, қала тұрғындарымен кездесу өткізді.

Кездесу барысында тұрғындардың сұрақтарын тындап, оларға қатысты жауабын берді. Көтерілген сауалдардың дені дәрігерлердің біліктілігін арттыру, кәсіпкерлерге банктерден несие беру туралы, кәріз бойынша, туризмді дамыту, канализация құбырларының жұмысы және әлеуметтік мәселелер туралы болды.

Ермек Амантайұлы, келесі жұмыс сапарына дейін берілген тапсырмаларды өзі бақылауына алып, шешу жолдарын қарастырып ұсыныс дайындауға тапсырма берді. Мәселелердің барлығы хаттамаға жазылып, алдағы уақытта жауапты мамандармен бірігіп назарда ұстайтындығын айтып, әр көтерілген мәселеге орындалу мерзімімен бекітті. Жергілікті басшылыққа өз құзыретіне қатысты мәселердің шешу жолдарын қарастыруды тапсырды.

Кездесуден бөлек жұмыс жоспарына сәйкес, Қарағанды облыс әкімінің орынбасары Алпысов Ермек Амантайұлы қаланың әлеуметтік құрылыс нысандарымен танысты. Салынып жатқан ДСК құрылысымен, жылу маусымына дайындық жұмыстарымен, қалада туризмді дамыту жоспарларымен танысты. Жылу маусымына қажетті қосымша қаржы қарастыру мәселесін талқылап, жұмысты жандандыруды тапсырды. Сонымен қатар жаға жайларды абаттандыру бойынша туризм саласын дамыту картасын әзірлеуді тапсырды.

11 мая 2023 года в город Приозерск прибыл заместитель акима Карагандинской области по финансово-экономическим вопросам, здравоохранению, цифровизации, охране и безопасности труда, социальной защите и занятости населения Алпысов Ермек Амантаевич. В первую очередь, он оценил жизнедеятельность города, осмотрел строительные объекты и провел встречу с горожанами.

В ходе встречи выслушал вопросы жителей и ответил на них. Поднимаемые вопросы касались повышения квалификации врачей, выдачи кредитов предпринимателям из банков, канализации, развития туризма, работы канализационных трубопроводов и социальных вопросов.

Ермек Амантаевич поручил местному руководству рассмотреть до следующего рабочего визита, взять поставленные задачи на контроль, рассмотреть пути решения и подготовить предложения. Все вопросы были изложены в протоколе, где говорилось, что в дальнейшем вместе с ответственными специалистами уделят внимание и будет закреплена за каждым поднимаемым вопросом сроки исполнения.

Помимо встречи, в соответствии с планом работы, заместитель акима Карагандинской области Алпысов Ермек Амантаевич ознакомился с объектами социального строительства города. Ознакомился со строительством ДСК, подготовкой к отопительному сезону, планами развития туризма в городе. Он обсудил вопросы дополнительного финансирования отопительного сезона и поручил активизировать работу. Также он поручил разработать карту развития сферы туризма по благоустройству прибрежных территорий.

Исатай М.А.

«ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ДӘСТҮРЛІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ»

«Адамның бір қызығы бала деген...» деп Абай атамыз айтқандай, әр адам қашанда ұрпағымен қымбат. Уақыт өлшемінен тыс, қай кезде болмасын бала тәрбиесі назардан тыс қалып көрген емес. «Балалы үй базар, баласыз үй қу мазар» деген халқымыз ұрпағының өсіп-жетілуіне, дұрыс тәлім-тәрбие алуына, ұлтына адал, еліне елеулі азамат болуына бар күш-жігерін салған. Перзентінің құлағына «атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген қасиетті ұғымды құйып отырған.

Расында да, ұрпақ тәрбиесі – ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұралардың бірі. Қай елдің болсын бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі дәстүрлі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтар сабақтасып жүзеге асатындығы белгілі. Осыдан 10-20 жылғы өмірмен салыстырғанда қазір адамдар өмірі күрт өзгеріп, жаңарып, жасарып кеткендей. Олай болатын да жөні бар. Себебі, біз ХХІ ғасырда, адамзат дәуірінің ең дамыған кезінде өмір сүріп, ұрпақ тәрбиелеп жатырмыз. Бірақ адамзат әрқашан өзінің өткен жолын зерделеп, бір уақыт артта қалған көне заман күмбіріне құлақ түріп, көз жүгіртіп отырғаны жөн. Себебі өткен дәуір құндылықтары, ата-баба салт-дәстүрін ұстана отырыпосыкүнгежеттік емес пе?

Осы бір ұрпақтар арасындағы нәзік жіп үзіліп кетпесін дегендей осыдан үш жыл бұрын Елбасы «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласын ұсынды. Бағдарлама аясында көненің көзіндей болған атақты хандар, билер, батыр бабалар туралы зерттеулер мен елдің дамуына үлес қосқан азаматтар жайлы, жерсу атауларының тарихы туралы мақалалар көптеп шығып, өт-

кеніміз жаңғырғандай күй кештік. Осыған орай рухани жаңғыру, даму туралы түсінік беруді балабақшада оқу қызметі барысында және кездесулер ұйымдастыру арқылы ұйымдастыруға болатынын да айтқым келеді. Тілі енді шығып, айналасындағы дүниені танып келе жатқан бөбектерге суреттер көрсету, ертегі айтып беру, теледидар, видеолар көрсетіп, әңгімелеп беру арқылы баланың бойына ұлттық құндылықтарды дарытып, патриоттық тәрбиенің негізін қалай аламыз. Ата-аналар да үйде болған кезде осыны әрқашан балаларына түсіндіріп материалдық қана емес рухани байлығын арттырып отырса келешек ел тұтқасын ұстар бүгінгі балдырғандар ұлтжанды, елінің нағыз жанашыры болып өсері сөзсіз.

Бүгінгі ұл – ертеңгі әке, ол әкеге қарап өседі. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға – ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші – ата-ана, қала берді қоғам. Баланы өмірге бейімдеуде тәрбиеші, мұғалім және ата-ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйытқысы отбасында бала үлкендермен араласады.

Дана халқымыз «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жас-тайынан ізгілік, мейірімділік, яғни адамгершілік секілді құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Кеңесов Ж.К.

*Приозерск қалалық АТТ
мүшесі*

«ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ МҰСЫЛМАНДЫҚ РӘСІМДЕРГЕ ҚАРСЫ ЕМЕС»

Бүгінде еліміздегі маңызды мәселелердің қатарында зайырлылық мәселесі тұр. Республикалық және аймақтық ақпараттық түсіндіру топтарының да жиі халыққа түсіндіріп жүргені осы зайырлылық турасында. Себебі мемлекет пен дін қатынасын ұғынуда осы зайырлылықты дұрыс түсіну қажеттігі сезілуде. Зайырлылық ұғымы алғаш батыста пайда болды. Орта ғасырларда католик шіркеуі өте ықпалды болып, діндар емес халыққа және мемлекетке қысым көрсетті. Осы қысым шегінен асқан уақытта бұқара халық шіркеу мен діндарлардың қысымын азайту үшін олармен ұзақ күрес жүргізіп, соңында жеңгені мәлім. Батыста шіркеу мен мемлекет, діндар мен діндар емес әлеуметтік топтар арасында ықпал мен күш тепе-теңдігін қамтамасыз еткен зайырлылық түсінігі осындай жағдайлардан кейін орнаған. Осы себепті батыста мемлекеттің діннің тегеурінді ықпалынан арылғысы келуінен, қоғамның әлеуметтік бейбіт өмірді, діндар емес адамдар мен әлеуметтік топтардың көбірек еркіндікті қалауынан туындаған.

Зайырлы мемлекет кез келген дінге бейтарап ұстанымда болады. Белгілі бір дінге басымдық берілмейді. Яғни, ресми дін болмайды. Мемлекет қандай да бір дінге тәуелді болмайды. Дін де мемлекеттен тәуелсіздік сезінеді. Ел азаматтарының ар-ұждан мен діни сенім еркіндігі қамтамасыз етіледі. Бірақ әр адам өзінің ерікті таңдауымен қалаған дінді ұстануға, тіпті ешбірін

ұстанбауға да құқылы болады. Мемлекеттік білім беру мекемелері, мектептер және құқықтық жүйе қандай да бір діннің ықпалында болмайды. Осы ерекшеліктерді саралай келе «зайырлылық» түсінігінің мынадай сипаттамалардан тұратынын айтуға болады:

- бейтараптық (мемлекет пен мектептер),
- тәуелсіздік (мемлекеттің діннен және керісінше),
- еркіндік (ар-ұждан және діни сенім).

Жастардың мұсылманшылыққа қызығуына байланысты арнайы медреселер мен жоғарғы оқу орындарында да исламтану мамандығын алу қарастырылған. Жыл сайын оған бөлінетін мемлекеттік гранттар көбею үстінде. Қазіргі уақытта Алматы, Астана, Қарағанды, Түркістан секілді қалаларда, белгілі жоғарғы оқу орындарында исламтанушы мамандар даярлану үстінде. Бұған қоса, бірыңғай исламдық білім беретін медреселердің бірқатары колледж деңгейіне көтерілді. Тіпті қазіргі уақытта отандық исламтанушы, дінтанушы мамандардың қалыптасып үлгеруіне байланысты Нұр Мүбәрак Ислам мәдениеті университетін бірыңғай қазақстандық ету ісі қарастырылуда. Сондықтан зайырлы мемлекетті мұсылмандық рәсімдерге қарсы деуге келмейді.

Қожахметов Д.С.

*Приозерск қалалық
мешітінің бас имамы*

МЕН КӨРГЕН ДАҢҚТЫ ПАРТИЗАН

9-мамыр - Жеңіс күні

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУШЫ, ПАРТИЗАН, ЖАЗУШЫ, ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ
ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 105 ЖЫЛ!

Ұмытпасам, 1977 жылдың жазы болатын. Мектептің екінші сыныбын тәмамдаған кезім еді. Біз өскен алыс шалғайдағы Қарағанды облысының Ақтоғай ауданына қарасты Сарытерек ауылына сонау алыс Алматы қаласынан Ұлы Отан соғысына қатысушы партизан Қасым Қайсенов келді. Есімі көпшілікке танымал ержүрек батырды күтіп алу сол кездегі ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы тізгінін ұстап жүрген менің әкем Алшымбек Кенжебековке тапсырылғандықтан, алыс жолдан ауылға бұрылған автокөлік бірден біздің үйдің есігінің алдына атбасын тіреді.

Ойын баласы емеспіз ба?! Далада асыр салып ойнап жүргенбіз. Әрқайсымыздың астымызда тал шыбықтан жасап, мініп алған бір-бір аттан бар. Есіктің алдына келіп тоқтаған автокөлікке бәрінен бұрын жеттім. Жанымда үлкен ағам Жомарттың ұлы бар. Есімі Бекзат, кейін бертін келе сол інім ер жетіп, жігіт болған шағында ауырып қайтыс болды.

Автокөліктің есігі ашылған бетте:

- Ассалаумағаллейкум?!, - деп, бірдей дауыстаған сол марқұм ініміз екеуіміз де амандасқан болып, жарыса оң қолымызды создық. Менің әкем Алшымбекпен бірге автокөліктен түскен даңқты партизан Қасым Қайсенов:

- Уаллейкумсалам! Ой, бәре-келді! Үлкен азамат болып ер жетіндер!, - деп, қолын созып амандасып, бізге өзінің жүрекжарды батасын берді.

Балалық шақтағы сол көрген ер денелі, шашын артына қайырып алған, даусы өктем шығатын Қасым Қайсенов есімді қазақтың ержүрек партизанын көріп, қолын алғанымды әлі күнге дейін ұмытпай есте сақтап келемін.

Бәлкім, маған мектеп қабырғасынан білім алып жүрген кезімде Ұлы Отан соғысына қатысқан партизан, жазушы Қасым Қайсеновтың берген ақ тілек батасы көп әсер етсе керек, менің бойымда оның жазған кітаптарына деген қызығушылық ерекше басым болды. Тіпті кітап парактарынан немесе газет-журнал беттерінен батыр тұлғаның суреттерін көзім шалып қалса көрген кездерім есіме түсіп, ерекше қуанышқа бөленетін едім. Әсіресе, ардагер жазушының «Жау тылында» атты кітабын сыныптастар арасында таласа оқып, ержүрек партизан Қасымға еліктегеніміз, жазушы туындысының кейіпкерлерімен бірге жүріп, олардың соғыс кезіндегі қол жеткізген жеңістеріне сүйсініп, қиналған шақтағы қиындықтарына қабырғамыздың қайысқаны мәңгілік жүрегімізде сақталып, өмір бойы есімізден шықпасы анық. Бар білерім, Ұлы Отан соғысының ардагері, партизан, жазушы Қасым Қай-

сенов жазған шығармаларының қазақ топырағында есейіп ер жеткен қаншама жасөспірімнің көкейінде намыс отын тұтатып, өскелең ұрпақты отансүйгіштікке баулығаны, ержүрек болуға тәрбиелегені сөзсіз шындық.

Сұрапыл соғыс жылдарында ерліктің ерен үлгісін көрсеткен, ержүрек партизан Қасым Қайсенов есімді қаһарманы бар елдің айбары да, айтары көп!

Кезінде қазақстандық жазушылар арасында «Қасым Қайсеновтың қадірін білгің келсе, Украина еліне бар!» деген сөз мәтелге айналып кетсе керек. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында шығармашылық сапармен барған біздің елдің бір топ жазушылары Қасым Қайсенов есімінің алыс Украина елінде қалай аңызға айналғанына көз жеткізген екен. Соғыс алаңына айналған Украинаның орманды жерлерінде партизан қозғалысы өте жылдам қимыл жасап, бейбіт тұрғындарды гитлерлік неміс басқыншыларының азабынан құтқару жолында тиімді қызмет атқарғаны белгілі. Алайда ұрыс қимылдары сол Украина жерінде өрбігендіктен, партизан жасақтарының тобында қазақ ұлтынан қосылған Қасымнан бөлек, жеке құрамның басым көпшілігін украин ұлтының жауынгерлері толықтырды. Міне, осы украиндықтарды қазақтан шыққан Қасым Қайсенов өзінің өршіл мінезімен, өшпес ерлігімен, асқан табандылығымен, ержүрек батылдығымен мойындата білді.

Өзінің көзі тірісінде еліміздің бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында ардагер жазушы Қасым Қайсенов: «... Содан арнайы соғыс мектебін бітірген маған сол Чапаев дивизиясының 3-ші полкін басқару жүктелді. Осылайша, Украинаның бергі аймағын азат етіп, Молдавия жеріне бардық. Басқасын қойшы, мына Карпаттың ар жағында бір облыс украиндықтар тұрады. Дәлірек айтсам, Закарпатье Украинасы. Бұл жер Карпат тауының ар жағында болғандықтан, ғасырлар бойы чехтар мен венгрлердің тепкісінде болды. Сөйтіп, Кеңес Одағының сол кездегі басшылары Закарпатьедегі Украинаны азат етіп, бергі Украинаға қосып

алмақ болған. Сөйтіп бізді 60 адамды, Дуглас деп аталатын шағын үш ұшақпен Карпат тауына тастады. Бұл 1944 жылдың маусым айы болатын. Карпат тауы да өзіміздің Алатау тәрізді жар құздары көп биік тау. Бір ерекшелігі, Алатаудың басында мәңгі ерімесқар мұздығы ыолса, Карпат тауы орманды болып келеді. Ең ұшар басына тіпті ағаш өспейді, шабындық тәрізді екен. Сол ұшар таудың басына түсірілген 60 адамның 53-і қаза тапты. Бірі жартасқа құлады, біреулерінің парашюті ашылмай қапыда кетті. Кейбіреуі жау оғынан мерт болды. Тек жеті адам ғана тірі қалдық...» - деп, соғыс күндерін еске алған болатын.

Биыл, осы 1941-1945 жылдар арасындағы Ұлы Отан соғысының Украина жеріндегі партизан қозғалысына қатысқан қазақстандық ержүрек партизан Қасым Қайсеновтың туғанына 105 жыл толып отыр. Алайда, баз біреулердің құйтұрқы саясатының жетекшілік етуімен Қасым Қайсенов сынды батыр жауынгерлеріміз азат еткен Украина елінде бүгінгі күнде басқа бір соғыстың белең алғанына бір жылдан асып барады. Қазақстан елі бейбітшілікті қалайтын ел болғандықтан, кешегі Қасымдай батырларымыздың неміс басқыншыларынан азат еткен Украина елінде соғыстың тез арада тоқтағанын қалайтыны ақиқат.

Дегенмен де, Қасым Қайсенов сынды ержүрек батыр жауынгерлердің партизан қозғалыстарындағы жүріп өткен ерлік жолына тарихтың өзі куә деп білеміз. Ерлік ешқашан да ұмытылмайды. Қайтпас қайсар, ержүрек намысы бар, қазақ жауынгері Қасым Қайсеновтың сұрапыл соғыс жылдарындағы партизандық ұрыс-қимылдарындағы ерлік ісін үлгі тұтқан еліміздің келешек ұрпағы мен жас буын өкілдерінің нағыз отаншыл сезімде ер жететіндеріне сеніміміз мол!

Тілек Кенжебеков
Қазақстан
Республикасының
Құрметті азаматы

ЖЕТИМ ҚОЗЫ ТАСБУЫР...



Әлімсақтан «жетім көрсең жейбей жүр» деп келе жатқан қазекем бүгінде осы сөздің парқына жете алмай жатқанға ұқсайды. Жетімдері көбейген, балалар үйінің саны ұлғайған еліміз қарасаң жүрегің қан жылайтын халге түсті. Осындай кереғар тәрбиеленген ұрпақтың қазіргі күйіне кімді кінәлаймыз? Қоғам кінәлі ме, әлде мәселе әке-шешеді ме? Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан өнеге көрмеген қыз жаман. Айналып келгенде барлығы да тәрбиеге, ата-ана өнегесіне келіп тіреледі. Баяғының бойжеткені мен бозбаласы қандай еді? Ал қазір мүлдем...

Поезбен сапарға шықсаң, неше түрлі адамдармен, әрқилы тағдырлармен әңгімелесесің, танысасың, сырласасың. Олардың арасында ер адам да, әйел де, кәрі мен жас та... түрлі жандар болады. Әңгімелесе келе, кейбірі әздерінің сырларымен, ішкі шерлерімен бөліседі...

— Ана деген бір керемет жан ғой. Сірә, ана сияқты еш адам саған қамқор бола алмас,- деп поездда бізбен жолдас болған Мейірім есімді бозбала өз әңгімесін бастады. Менің достарым өте көп. Олардың барлығының да анасы бар. Бірақ, жалғыз мен ғана ана мейірімі не екенін білмей өстім. Мен туған кезде, анам қайтыс болған еді. Солай мен әкем қолында тәрбиеленіп өстім. Әкем өте қатал, бірақ сабырлы жан еді. Алайда бала кезімнен бері, әкеммен сырласып көрген емеспін. Менің есімім — Мейірім,- деп бар денесімен күрсінді. Мен осы жылғы мектеп түлегімін. Иә, мен болашақ студентпін. Оны мен мақтанышпен айтамын!.. Сол күні соңғы қоңырау болатын. Алайда қауіпті дерттің кесірінен бұл салтанатты сәт бізде

қалағанымыздай болмай қалды. Сыныптастарың бен ата-аналар ғана қатысып, шағын ғана шара өтті. Мектеппен қоштасу күні болғандықтан, кедергіге қарамастан менің сыныбымдағы қыздардың барлығы да ақ бантик тағып, әдемі көйлектерін киіп, сәнденіп келіпті. Сыныбымдағы ұлдар да таза костюмдерін киіп, ақ көйлектерімен жарқырайды. «Мектебім» атты әсем ән шырқалды. Кейбір қыздардың көзінде тамшы жастары бар. Сірә, мектеппен қоштасқысы келмейтін шығар. Соңғы қоңырау соғылды. Оқушылардың тағатсыз күткен соңғы қоңырауы. Менің көз алдыма бір сәтте осы қоңырау шылдырымен бірге мектептегі балалық кезім зуылдап өтті. Мектептегі қызықты күндер, мұғалімдер, сыныптастар... енді оларды әрдайым есіме алып сағынатын боламын.

Өз сыныптастарымызбен өткен шағын шара бітісімен ата-аналардың барлығы да өз балаларына жүгірді. Балаларын құттықтап, беттерінен сүйіп жатыр. Барлық оқушылар да ата-аналарының құшағында. Тек жалғыз мен секілді, аузымды ашқан күйімде, жалғыз тұрып қалыппын. Көзімнен ыстық тамшы жас парлап аға берді. Ойыма жаман ойлар оралып, қиналып кеттім. «Анашым, қайдасың, неге мені жалғыз тастап кеттің!» деген сөздер аузымнан еріксіз шыға берді. 18 жыл бойы анама деген ыстық сағынышымды, қиналған сәттерімді ешбір жанға білдірмеуші едім. Мен дәл қазір ғана, анамның жоқ екенін, жетім екенімді аңғардым. Шын жүрегіммен жетім екенімді сезіндім. Соңғы қоңырауға, өмірдегі ең соңғы мектеппен қоштасу күніне, тіпті әкем де келмеген еді. Әрине,

мен оны кінәламаймын, шаруалары болып, есінен шығап кеткен болар. Мен әкешімді жақсы көремін ғой. Анашым, мен сізді қатты сағындым. Егер, қазір менің анам қасымда болса, мен өмірдегі ең бақытты адам болар едім. «Ана» деген сөзді айтуға да қорқамын. «Ана» деп айтсам, көзімнен ыстық жас парлап аға береді. Жақында туған күнім болды. Алайда, менің туған күнім екенімді ешбір адам білмеген секілді. Достарыма да айтуға ұялдым. Бірақ, туған күнімде ең болмағанда анамның құшағына кіріп, анам бетімнен сүйсе деп армандаймын. Маған анасыз өте қиын. «Балам, жолдан дұрыстап өт» деген аналардың айтатын сөзін ешкімнен естіп көрмеген едім. Ұйықтап жатқан кезде де, қатты тоңатын кездерім болады. Сол кезде барлық балалардың анасы үстінен жылы көрпе жамылатын болса, мен сол тоңған күйімде жата беруші едім. Анамның мені еркелеткенін қатты аңсаймын. Анамды құшақтағым келеді. Анамның маңдайынан сүйгім келеді. Анашым, мен сізді қаты сағындым! Мен, «жетім» деген сөздің не екенін енді ғана шын аңғарған секілдімін. Анамның қайтып оралмасын енді түсіндім. Ойлаған арманым, қиялымның бәрі де бекер екен... енді анашымның орнын ешбір жан баса алмайтынын анық аңғардым. Мен шынайы жетім екенмін... оны басқа жан түсінуі әсте қиын...

Плацкарт вагонындағы бұл әңгімені есітіп отырған жандардың жанарларынан жас тамып жатты. Бозбаланың аянышты әңгімесі жүрегі бар жанды егілдірмеуі мүмкін емес еді... Анасы өмірден ерте кетсе, бұл Құдайлық іс. «Әкелі жетім — қор жетім, аналы жетім — гүл жетім», - деп отыратын үлкендердің сөзінің мәні тереңде. Әкесі қайтқан баланы анасы қала болмасын ешкімнен кем қылмай өсіруге бар күшін салады. Ал, анасыз баланы әкелелері (көпшілігі) жетімдіктің зардабын тарқызбай жеткізе алмайтынын көріп, біліп жүрміз өмірде. Ал енді кішкентай балалары мен жарын тағдыр тәлкегіне тастап, бөтен әйелдің етегінен ұстап кететін «адамдар» туралы қалай ойлауға болады. Жалпы ондай еркек-сымақтарды «адам» деп айтуға бола ма? Тіпті хайуан да өз өзе-

гін жарып шыққан баласын тастап кетпейді ғой. Сонда кейбір еркектер солардан да кем, ақылсыз, жүрексіз, сезімсіз болғаны ғой?! Осы заманда мұндай оқиғалардың қоғамда жиі кездесетіні өкінішті-ақ! Өзінен өрбіген балаларына нәпақасын (алиментін) төлемей, қашып жүргендер қаншама?.. Статистикалық мәліметтер солай дейді. Бұндай жәйттерге мемлекет, қоғам, депутаттар бейжай қарамауы тиіс. Ондай адамгершіліктен жұрдай пенделерді Отанын сатқан опасыз ретінде қатаң жазаға тарту туралы заң қабылдауы керек. Отбасыдағы әкенің орны бөлек екенін ескерсек, әке ақылына, тәрбиесіне зәру балалардан ертең қандай адам өсіп шығатынын болжай алмаймыз. Әкеден көңілі қалып жетілген бала болашақта қатыгез болып өсуі әбден мүмкін?! «...Жетім қозы тасбауыр, маңырар да, отығар», - деп қазақ бекер айтпаған. «Жетімдік — баланың психикалық дамуына қатты әсер етеді. Ата-анадан айрылған және интернат жағдайына түскен балалардың жалпы психикалық жағдайы төмендейді, өзін-өзі реттеп-бағыттауы бұзылады, көңіл күйі жабырқау болады. Балалардың басым көпшілігінің өмірге құштарлығы жоғалады, өзіне-өзінің сенімсіздігі күшейіп, бойын үрей билей бастайды. Эмоционалдық-танымдық талпынысы төмендейді де, интеллектуалдық дамуы тежеледі», - дейді білгір психологтар. Әлемге әйгілі «Associated Press» агенттігінің деректері бойынша, бүгінде жастар отбасын құруға жүрексінетін көрінеді екен. Шетелдік сарапшылардың пайымдауынша, бақытты отбасылық өмірдің іргетасын қалау үшін, отау құруға талаптанған жас алдымен материалдық тұрғыдан қаматамыз етілуі тиіс. Сондай-ақ, әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, кез келген мемлекеттің экономикасы қарыштап дамыған сайын сол елде азаматтық неке көбейіп, демографиялық ахуалдың әлсірейтіні дәлелденіпті.

Бұл өзекті мәселені қалайда қараусыз қалдыруға болмайды деп есептеймін! Оқырманның ой-пікір қосуын өтінемін...

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАЛАРЫ



**ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР**

Мемлекет басшысының Жолдауда айтқан тапсырмасын орындау аясында жыл басынан бастап бала күтімі жағдайына әлеуметтік төлемді тағайындау кезеңі бір жастан 1,5 жасқа дейін ұлғайтылды. Осыған байланысты ел бойынша 348 мың анаға берілетін төлем мерзімі автоматты түрде ұзартылды. Оның ішіне 6 мыңнан астам облыс тұрғыны да кіреді. Былтыр қордан осындай төлемді облыс бойынша 31 775 адам алса, биылғы жыл 15 322 адам алып отыр. Бұл үшін былтыр 8,4 млрд. теңге, биыл 2,3 млрд. теңге жұмсалды.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Әлеуметке бағдарланған нақты көмек» мақаласынан



**ПРЕЗИДЕНТ РЕФОРМАСЫ -
ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР**

Бүгінде жастардың Отан алдындағы әскери борышын өтеуге асықпайтыны рас. Тұтас қоғамда әскерден фобия қалыптасып қалған. Сондықтан да, әскери қызметтің мәртебесін арттыру, жастарды тарту Қорғаныс министрлігінің маңызды міндетіне айналды. Оның үстіне, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастарды әскерде қызмет етуге ынталандыру жөніндегі тапсырмасы да бар. Сол тапсырманы жүзеге асыру шеңберінде министрлік мерзімді әскери қызметін өтеген сарбаздарға білім алу жеңілдіктерін беру туралы бастама көтерген болатын. Айта кету керек, бастама қолдау тапты. Еліміздегі жетпістен астам жоғары оқу орны биылдан бастап, сарбаздарды Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесіз оқуға қабылдауға дайын.

«ORTALYQ QAZAQSTAN» газеті
«Әскери әлеуетті арттыру үшін» мақаласынан

**«E-SALYQ BUSINESS» МОБИЛЬДІ
ҚОСЫМШАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ**



**e-Salyq
Business**

Жеке кәсіпкерлердің салық төлеуін түбегейлі жеңілдетуге бағытталған «E-Salyq Business» мобильді қосымшасы іске қосылды. Тегін қосымшаны App Store, Play Market және App Gallery-ден жүктеуге болады. Қазір қосымшаны 27 мыңнан астам кәсіпкер пайдаланып жатыр.

Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Азамат Панбаевтың айтуынша, «E-Salyq Business» мобильді қосымшасы бірқатар

салық рәсімдерін жеңілдетті.

Мобильді қосымшаның функционалы:

- Жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге;
- Кассалық чектің орнына мобильді қосымшаның чегін беруге;
- Қосымшада берілген чектер негізінде кәсіпкердің кіріс есебін жүргізуге;
- Салықтар мен әлеуметтік төлемдерді автоматты түрде есептеуге;

- Жалдамалы қызметкерлердің және олардың табыстарының есебін жүргізуге;
- Оңайлатылған декларацияны тапсыруға (910.00 нысан);
- Кәсіпкерлік қызметті оңайлатылған тәртіпте тоқтатуға мүмкіндік береді.
- Салық төлеушілерге ыңғайлы болу үшін алдағы салық оқиғалары туралы, мысалы, салық есептілігін ұсыну және салық төлеу мерзімдері туралы ескертулермен салық күнтізбесі орналастырылған.
- Пайдаланушының бейінінде жеке кәсіпкер туралы өзекті мәліметтер көрсетіледі. Бұл оның тіркеу деректері, мәртебесі (қолданыстағы, әрекетсіз, қызметін тоқтатқан), қызмет түрлері. ЖК тіркелген Мемлекеттік кіріс органы, банк деректемелері, кәсіпкердің тәуекел дәрежесі көрсетілген. Сондай-ақ, профильде кәсіпкер өзінің әлеуметтік төлемдерін есептеу үшін мәлімдеген кірістері туралы мәліметтерді енгізеді.
- Чектерді беру функционалы – бақылау-касса маши-

насының баламасы. Оның кірістерді фискализациялауы бар жеңілдетілген нұсқасы. Әрине, бұл сервис тауарлардың көптеген атаулары бар сауда объектілері үшін бақылау-касса машиналарын толығымен алмастыра алмайды. Дегенмен, бірнеше түрі сатылатын шағын дүкендер үшін қолданылуы әбден мүмкін. Қазір бұл қызмет жұмыстар мен қызметтер үшін чек қалыптастыруға мүмкіндігін береді, чекті алушыға мысалы, Whatsapp арқылы немесе басқа мессенджерлерді пайдалана отырып жолдауға болады. Берілген чектердің түпнұсқалығы QR-кодпен расталады.

• Жалпы, мобильді қосымшаның чектері бойынша деректердің болуы кірістер тіркелімін автоматты түрде қалыптастыруға мүмкіндік берді. Қазір есеп жүйесі жоқ кәсіпкер оны қолмен жүргізуге мәжбүр.

**Приозерск қаласының
салық бөлімі**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ АБЫРОЙЫ

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Демек, адамдар арасында осы қызметші туралы дұрыс пікір, оң көзқарас, оған деген айқын сенімділік қалыптасуы қажет. Мұндай сенім мен құрметке жету оңай емес. Бұл үшін бір ғана біліктілік пен білгірлік жеткіліксіз, одан басқа қызметшінің мінез құлық мәселесі тағы бар. Яғни, қызметшінің кәсібилік деңгейі мен моральдық адамгершілік қасиеттері қатар тұруы керек. Бұл халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығына және әділдігіне қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Әрбір мемлекеттік қызметші жұмыстан тыс уақытта өз әрекеттері мен мінез-құлқына жауапты

екенін, ал, кез келген жағдайда әдеп қағидаттарын сақтау қоғамның мемлекеттік қызметке деген жоғарғы сенімінің негізі болып табылатындығын есте сақтауымыз қажет. Мемлекеттік қызметшілер азаматтар мен қарым қатынас жасау кезінде мынадай ұстанымдарды ұстануға тиіс; өз ойын дұрыс және дәлелді жеткізу; азаматтардың сөзін мұқият тыңдау; әңгімелесушіге құрмет білдіру, болуы мүмкін тәуекелдер туралы азаматтарды хабарландыру және т.б. Мұндай қарым-қатынас бізге мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық мәдениеті мен кәсібилігі туралы оң пікірді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Приозерск қалалық сотының кеңсе меңгерушісі Сатыбалдин Д.А.

ҰЛТТЫҚ ТЕСТІЛЕУ ОРТАЛЫҒЫ БАЙҚАУ СЫНАҚТАРЫНЫҢ БАЗАСЫН ЖАҢАРТТЫ

Байқау сынағы оқуға түсушілерге ҰБТ-ға дайындалуға көмек ретінде әзірленді. Талапкерлерге ҰТО сайтында сілтемесі бойынша тегін онлайн тестілеуден оғым мүмкіндігі беріледі. Ол үшін тестіленушілерге ЖСН теріп, бейіндік пәндердің комбинациясын таңдап, байқау сынағына кірісу қажет.

«Оқу жылының басынан бастап тегін онлайн тестілеу 1,5 млн рет тапсырылған. Атап өтсем, бұл жаттығу тестін біз қазан айында іске қосып, желтоқсанда сұрақтар базасын жаңартқан болатынбыз. Осы жолы балалардың маңызды емтиханға дайындығын жақсарту үшін тағы да бірнеше нұсқа қосу туралы шешім қабылдадық», – деп атап өтті ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының директоры Руслан Емелбаев. Негізгі ҰБТ-ға өтініш қабылдау 14 мамырға дейін

жүргізіледі. Тестілеудің өзі 16 мамыр мен 5 шілде аралығында өтеді. Талапкерлер ҰБТ-ны 2 рет тапсырып, ең жақсы нәтижемен грант конкурсына қатыса алады.

Талапкерлердің негізгі ҰБТ-ға дайындығын жақсарту мақсатында былтыр әр пән бойынша жеке тақырыптық талдау енгізілді. Яғни, әр ҰБТ-дан кейін (қаңтар, наурыз) түлектерге жеке тақырыптар бойынша білімдерін арттыру ұсынылады. Сонымен қатар, негізгі ҰБТ-ның бірінші мүмкіндігін тапсырғаннан кейін олар екінші мүмкіндікке дейін дайындықтарын жақсарту алады.

Осылайша, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі талапкерлерге қолайлы жағдай жасау үшін барлық шараларды қабылдап жатыр.

ortcom.kz

ОСОБЕННОСТИ РАССМОТРЕНИЯ ИСКОВ О РАСТОРЖЕНИИ БРАКА (СУПРУЖЕСТВА) СУПРУГОВ, НЕ ИМЕЮЩИХ ОБЩИХ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ДЕТЕЙ!

При отсутствии согласия одного из супругов на расторжение брака (супружества) или если один из супругов, несмотря на отсутствие у него возражений, своими действиями либо бездействием уклоняется от расторжения брака (супружества), расторжение брака (супружества) производится в судебном порядке.

Истец при подаче иска в суд обязан приобщить к иску доказательства, свидетельствующие об уклонении ответчика от расторжения брака в регистрирующем органе.

Обстоятельства уклонения от расторжения брака (супружества) в регистрирующем органе должны быть подтверждены документально не только представлением справки регистрирующего органа об отсутствии совместного заявления супругов о расторжении брака либо о его повторной неявке для расторжения брака по истечении месяца после подачи заявления, но и сведениями о надлежащем извещении истцом ответчика о своем намерении расторгнуть брак (супружества) в регистрирующем органе.

Доказательствами обращения истца к ответчику с предложением расторгнуть брак (супружества) во внесудебном порядке являются:

- уведомление о получении почтовой корреспонденции,
- уведомление по адресу электронной почты, на абонентский номер сотовой связи или иные электронные средства связи, обеспечивающие фиксирование обращения истца к ответчику и свидетельствующие об осведомленности ответчика о предложении истца о расторжении брака (супружества).

Представление указанных доказательств является обязанностью истца.

При отсутствии таких доказательств заявление подлежит возвращению со ссылкой на подпункт 1) части первой статьи 152 ГПК ввиду несоблюдения установленного законом для данной категории дел внесудебного порядка урегулирования спора.

При подаче исков данной категории нередко истцы указывали о том, что препятствием для расторжения брака в регистрирующем органе является не отсутствие согласия на расторжение брака (супружества) другого супруга, а невозможность его личной явки в регистрирующий орган, в связи с проживанием в другом населенном пункте.

Законодатель, предусмотрев данные обстоятельства, внес изменения в Кодекс Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье», дополнив статью 240 частью пятой следующего содержания:

«Если один из супругов не может явиться в регистрирующий орган для государственной регистрации расторжения брака (супружества) после повторной подачи заявления о расторжении брака (супружества), расторжение брака (супружества) может быть произведено в его отсутствие при наличии его нотариально удостоверенного согласия на расторжение брака (супружества)».

*Председатель Приозерского городского суда
Даунбаев Б.А.*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru | Таралымы: 500 дана | Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 | QORJYNTUBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №19/45, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.